

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттері арасында кедендік әкелу баждарының сомаларын бөлу нормативтері туралы

Еуразиялық Үкіметаралық Кеңестің 2019 жылғы 9 тамыздағы № 11 Өкімі

Еуразиялық экономикалық комиссияның Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттері арасында кедендік әкелу баждарының сомаларын бөлу нормативтері туралы ақпаратын назарға ала отырып:

1. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттері арасында кедендік әкелу баждарының сомаларын бөлу нормативтерінің мөлшері бойынша түпкілікті шешім тұжырымдау үшін 10 күндік мерзімде қосымша мемлекетішілік консультациялар жүргізсін және оларды Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің кезекті отырысында қарау үшін бұл туралы Еуразиялық экономикалық комиссияны хабардар етсін.

2. Осы Өкім Еуразиялық экономикалық одақтың ресми сайтында жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Еуразиялық үкіметаралық кеңес мүшелері:

Армения Республикасынан	Беларусь Республикасынан	Қазақстан Республи касынан	Қы р ғ ы з Республикасынан	Р е с е й Федерациясынан
----------------------------	-----------------------------	-------------------------------	-------------------------------	-----------------------------